



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

Айлық журнал №25 (23) 25.11.2017 Ежемесіачный журнал

ШАБЫТ



*Серік Мақұлбеков
Қазақ елінде қуыршақ
театрының кенжелеуі
актерлер мен режиссерлердің
тапшылығынан*



Қазақтың жүрегі тоқтамасын, өнердің жүрегі тоқтамасын деп отырғаным сол. Өнерін өлтіріп алған қазақ ел бөлып оңбайды, елінен айнып қалған жүрек - жүрек боп соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүрегіміз тоқтамасын!

Әшірбек Сығай

Ағалар алқасы:

«Шабьт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А.Қ. – Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К.Д. – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р.Қ. – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н.Р. – өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор

Юсупова А.К. – өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Асылбекова А.М. – өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Редакция мүшелері:

Журналға жауапты:	Кадыралиева А.О.
Бас редактор:	Бақытбек Рухия
Редактор:	Егеубаева Еңлік
Дизайнер:	Тоқтар Жетпісбай
Фотограф:	Мамбеталиев Саян
Тілшілер:	Ризабек Арна
	Рахметуллаева Илан
	Отарбаева Айгерим
	Жумадилова Малика
	Жаркенова Жұлдыз
	Мұратбек Жақсылық

Редакцияның мекен-жайы:

Байланыс телефоны: 87074825011

Редакцияның басылым болімі

Мекен-жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

ШАБЫП

Қанды махаббат	4
Фестиваль	6
«Наше все» Зулхайнара Кожамкулова	8
Ес-аймаққа – қуыршақтар келді	12
«Лучший учитель КазНУИ 2017»	14
Құрманғазының суреттері туралы.....	15
Ізденушіге не керек?	17
Өмірдің мәнін іздегендерге	18
Бейнелеу өнеріндегі автопортрет жайлы не білеміз?!.....	23
Райымбек режиссурасы	24
Шаханов шумақтары	26
Аруана	28
Чеховқа шекпеннің керегі не?	30



**Қазақ
киносы
және
тарихи-
құжаттар**

2-бет



**Бұлты
күні шыға
келген күн
сияқты**

10-бет



**Праздник,
который
ждали все**

20-бет

Қазақ киносы және тарихи-құжаттар



2

Жуырда (31.10.2017) Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві және Қазақ ұлттық өнер университетінің ұйымдастыруымен «Қазақстан кинематографиясы тарихынан» атты тарихи-құжаттық көрме және дөңгелек үстел өтті. Көрмеге Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде қазақ киносына қатысты жинақталған деректі материалдардың бір бөлігі қойылып, дөңгелек үстел барысында осы құжаттарға қатысты пікір алмасулар болды. Қазақ киносының алғашқы қадамдары, қалыптасуы мен даму кезеңдерінен мәлімет беретін бұл архивтік құжаттар бұрын еш жерде жарияланбаған екен. Әрине, келешекте осы материалдардың барлығы кино өнеріміздің тарихы туралы еңбектерге еніп, қосымша мәліметтермен толықтыруға үлкен көмегін тигізері сөзсіз.

1927-2000 жылдар аралығын қамтитын архивтік құжаттарда елімізде фильмдерді тарату желілерінің құрылуы мен дамуы, фильмдерді қазақ тіліне дубляждау жұмыстарын ұйымдастыру, кино мамандарын дайындау, кинорепертуар, фильмдердің сценарийлері мен оларға деген пікірлері т.б. көрсетілген. Бұрындары жалпы мазмұнда белгілі болғанымен, тарих беттерінің кейбір тұстары құжаттарда берілген мәліметтердің көмегімен нақтырақ айқындала түскендей болды. Мәселен, қазақ киносы туралы еңбектерде көрсетілгендей, 1928 жылы РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің жанынан құрылып,

1929 жылы Алматыдағы өндірістік бөлімі ашылған Бүкілодақтық «Востоккино» трестін ұйымдастыру жұмыстарының қалай жүзеге асқаны туралы нақты мәліметтерді осы құжаттардан таба аламыз. Әсіресе, оның құрылуында сол кезде РКФСР Халық комиссарлар төрағасының орынбасары қызметін атқарған Тұрар Рысқұловтың көп еңбек атқарғаны байқалады.

Сондай-ақ, «Амангелді», «Абай әндері», «Жамбыл» фильмдері туралы өте қызықты деректер бар. Мысалы, «Амангелді» фильмінің түсірілімін дайындау бойынша іс-шаралар туралы БК(б)П Бюро қаулысындағы мына бір тармағы назарымызды аудартты: «Амангелді» кинофильмін түсірудің маңыздылығы мен міндеттері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу барысында барлық колхоздар мен совхоздарда, бригадалар мен бөлімшелерде Амангелді Имановтың патша үкіметі мен алашордалықтарға қарсы жүргізген аяусыз күресі туралы әңгімелер жүргізу қажет». Тармақта көрсетілгендей, ең алдымен, фильмнің түсірілімі басталмай тұрып-ақ, алдын-ала халық арасында жүргізілетін идеологиялық жұмыстарға басымырақ мән берілгенін байқаймыз. Оның үстіне мұндай жұмыстардың фильм жарнамасының қызметін атқарғаны көрінеді. Сондай-ақ, болашақ фильмде алашордалықтардың бейнесі қалай көрсетілетіні әуелден-ақ айқындалып қойғанына куә болып отырмыз. Фильмге қатысты тағы бір деректерде үкімет мүшелері, баспасөз өкілдері мен халыққа арналған алғашқы көрсетілімдердің өткен күні мен айы, тіпті уақытына дейін нақты көрсетілген. Бұлардан өзге – фильмге, Амангелдінің бейнесіне қатысты айтылған, тереңірек зерттеуді қажет ететін тосын пікірге көзіміз түсті. Әрине, бұл мәліметтердің барлығы кино мамандары үшін келешекте тереңірек зерттеуді қажет ететін маңызды мәселелер екені белгілі.

Көрмеге қойылған тарихи құжаттардың арасынан тағы бір назар аудартқаны – «Абай әндері» (1945) мен «Жамбыл» (1952) фильмдеріне қатысты өте құнды әрі тың деректер болды. 1940 жылғы тамыз айының 30-күні деп көрсетілген қызметтік жазбада осы аталған фильмдердің түсірілімін 1941 жылға арналған Бүкілодақтық тақырыптық жоспарға енгізу туралы ұсыныс жасалады. Бұл жоспардың орындалуына соғыстың басталып кетуі кедергі болғаны белгілі. Алайда, 1942 жылы «Жамбыл» фильмін түсіру туралы жұмыстар қайта қолға алынады. Құжаттарға сүйенсек, фильм Киностудиялардың біріккен орталығында (ЦОКС) түсірілуі керек болған және режиссері ретінде Григорий Рошаль, ал Жамбыл Жабаевтың



рөліне Қапан Бадыров бекітілген. Назар аударарлық тағы бір қызықты дерек – «Жамбыл» фильмімен кино мамандары, материалдық базасы тұрғысынан ұлттық кинематографтың негізі қалануы керек деген арнайы нұсқаудың болғаны (Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің 1942 жылдың қараша айындағы қаулысы). Алайда, фильмнің түсіру жұмыстары тағы да тоқтап, тек 1949-1951 жылдары қайта қолға алынады. Нәтижесінде режиссері – Ефим Дзиган, ал басты рөлде Шәкен Айманов ойнаған фильм экранға тек 1952 жылы шығады. Ал 1942 жылғы қаулы бойынша «Жамбыл» фильмін

түсіреді деп шешілген Г. Роиналь «Абай әндерінің» (1945) режиссері болады.

Біз жоғарыда көрмеге қойылған кейбір тарихи құжаттарға ғана тоқталып өттік. Жалпы, ол жерде қазақ киносының тарихына қатысты құнды деректерді өте көп кездестіруге болады. Шын мәнінде, архивтегі әрбір құжат өткен шақ мен бүгінгі күннің арасын жалғастырушы көпір іспетті ғой. Оның үстіне уақыттың өзі сарғайтқан ол құжаттарда күндер, жылдар ғана емес, тұтас бір кезеңнің таңбасы қалатыны белгілі. Осы тұста Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві ұсынған тарихи-құжаттар да қазақ киносына қатысты өткен жылдар таңбасымен танысуға мүмкіндік берді деуге болады.

Нәзира МҰҚЫШЕВА
кинотанушы, өнертану кандидаты,
Қазақ ұлттық өнер университетінің
профессоры



Қанды махаббат



Сәске түс. Қак төбене келген күн, миыңды шыжытып тұрғанымен, терістіктен соккан салкын самал жаныңа куат береді. Жаздың осындай күндерінің бірінде, жайлаудағы кара косымнан, темір тұлпарымды тізгіндеп, ағамның борсыкка құрған қакпанын көруге шықтым.

Құшағы кең бұл "Қазірет" жайлауының шөбі шүйгін, аң-құсы мол. Ала жаздай мың бас жылкы, бес жүз бас кара мал жайылса да, қар түскенше шөбі жапырылғанын көрген емеспін. Малға да, аңға да жайлы бұл жерде, малшылар үшін жаздың екінші айы, шадыман жайлы уақыт. Себебі бұл уақытта маса кетіп, мал тойынып, орманның қуыс-қуысы таңқурай, қарақат, бүлдірген сынды жемістердің түр-түрі өсіп тұрады. Қарның ашып бара жатса орманға кір де, тойғаныңша уыстап асай бер. Бұл айдың тағы бір жайлы жері, малмен бірге даладағы ұсақ аңдардың тойынатын мезгілі. Әсіресе бұл алқапта суыр деген аң қаптап жүреді. Ебін тапқан адамға борсық, елік, бұғы, бұлан сынды аңдарды аулауға болады.

Жаздың басынан бері ағам екеуміз қанша рет тұзақ, қакпан құрсақ та аузымыз осылардың біріпе тимей жүрді. Осы бүгін ала таңда, алдында құрған екі қакпанға үлкендігі тоқтыдай екі борсық түсіпті. Олжалы болған ағам екеуін алдына өңгерін алды да, көңілденіп ауылға кетті. Мен бишігімді қолыма алып қосқа қайттым. Ағам кетерінде «Қазіреттің күнгеі бетінде, жыраға жақын

өскен топ қайың бар, соның түбіне қакпан құрғам. Бүгін айымыз оңынан туып, қанжығамыз майланып тұр ғой, оғанда бір нәрсе түскен болар. Ерінбей барып қарай сал»-деп, тапсырып кеткен болатын.

Қосқа барып, шайымды сораптап ішіп, күннің аптабына ұрынып бара жатқан бетім осы. Айтқан борсықтың інін табу ұзаққа созылмады. Әдетте топырағын шошайтып үйіп, артығын есікпен төрдей жерге шашып тастайтын борсықтың інін арқан бойы жерден байқадым. Іннің аузына жақындай бергенімде, қакпанды шалдырлатып інге қарай тартқан, бір мақұлықты байқадым. Шамасы тағы да борсық болар деп іштей қуанып, қолыма жуан сойыл алып, мысық жүріс сактықпен басып, іннің аузына бардым. Қарасам кішігірім жер ошақтың көлеміндей, қос серіппелі қасқыр қакпанға, денесі жетілмеген бағландай ірі, бір сары суыр отыр.

Әдетте ағамдар - суыр адам секілді аң. Қакпанға түскен суыр ұрып алуға барғанда, аяғыңа келіп жабысып, бала секілді бетін басып дыбыс шығарады. Әрі шебер құрылмаса тұзаққа түспей, қакпанға шаптырмай кететін шапшаңдығы тағы бар. Ұстағыларың келсе, мылтықпен атып алған тиімді - деп айтып отыратын. Сондықтан көбіне іннің аузында отырғанда, қанды ауыз береннің шүріппесін бір басып атып ала салатынбыз. Ал мына суыр қакпанға түсіпті, жәй-мәй емес, қос серіппелі қасқыр қакпанға.

Ептілікпен қакпанның қазығына барып, шынжырын тартқанымда. Адамға ұқсас шүйкедей ғана мақұлық иесі, маған мөлдіреген жанарымен қарап тұрып, бала секілді бетін басып баж ете түсті. Бұрын соңды адам секілді, киналып дыбыс шығарған аңды, естімегендіктен бе, жүрегім тас төбеме шығып, біраз тесіліп қарап қалдым. Алдында осылай екі рет, қакпанға түскен суырды босатып жібергенім бар. Бірақ, ол кездегі құрған қакпан, үлкендігі құманның түбіне жетпейтін базар қакпан еді. Оларда осыған ұқсас дыбыс шығарып, серіппені басып жатқанымда аяғыма жабысып, оймақтай көздерімен елжірей қараған. Сол уақытта екі суырда арық болғандықтан, оларды аяған болып босатып жібергенім бар еді. Ал алдымдағы тіршілік иесі бөлек.

Шынжырдан қолым босай бергенде, суыр қакпанын сүйретін келіп етігімді тырмалап, аяғымды

қушақтап алды. Оймақтай елжіреген көзінде, мұң мен шыбын жаны үшін мейірім іздеген дәрменсіз бейне тұр. Көзінің айналасына жас толыпты, шамасы кара қақпан сирағына батқан секілді. Енді байкадым, қақпан суырдың ортан жілігін ондырмай сындырып жіберіпті. Не деген азап. Жан бермек оңай ма? Мына мақұлық, сонда да қақпанды іннің ішіне тартып, өзінше менен бой тасалап, жан сақтамақшы.

Аңның тіршілік күресін бақылап тұрып, бөлінген сирағы мен санына карадым. Екі бөлікке де кара шыбын қонып, өзінің дернәсілдерін қалдырып кетіпті. Бұл суырды босатсам да, бәрібір екі-үш күннің ішінде бұдан да жан шыдатпас қиналысқа түсіретін азапты өлім күтіп тұр. Бүгіндікке қан көріп, масайып алған көңілім, қанша аяса да өлтіргісі келді де тұрды. Бір жағы жыбырлаған құрттар, аңның бүкіл денесін жеп біткенше қиналып өлгенін қаламадым.

Шынжырды қаттырақ тартып, өзіме жақындатып едім, тырмысып жерді жібермей жабысып жатты да, екі көзін алақанымен басып үн-түнсіз қыбырламай тұрып қалды. Шамасы тағдырға мойын ұсынып, менің ойымды түсініп, құптаған секілді. Бүгіндікке қанға құныққан жүрегім осыны қалады. Қолымдағы сойылды көз ілеспес жылдамдықпен кара тұмсықтан салып қалғанда, қиған бөренедей жерге сылқ құлады. Қақпанға оралған терісін әрең дегенде кесіп алып, қақпаннан босатып, қаны шықсын деп бауыздап, артынша ішін жарып қос маңындағы иттерге тастадым.

Бүгінгі азаннан бөленген махаббатымның мауқын осылайша бастым. Аңшылықтың шарты солай, жүрегіңдегі аяушылық сезімді кейде қатыгездікпен алмастыру керек.

Не керек, менің қанды махаббатым осылай басталып кетті...

Арна РИЗАБЕК
«Кинотеледраматургия» мамандығы 1 курс



Қазақтың ағаш өңдеу өнерінің дәстүрін жаңғырту (2000-2015 жылдар)

Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тамырын тереңге жайып келе жатқан халық мұрасының ең көне түрі – ағаш өңдеу. Бүгінде өнердің бұл түрі көңіл қуантарлықтай деңгейге ұмтылыс жолында. Ағашты көркемдеуде өрнегін салып жүргендер қатарында - Жолаушы Тұрдығұлов, Алмас Мұстафаев, Ердос Рахымбердиев, Дәулет Шокбаров, Илья Казаков атты ағаш шеберлерінің жұмыстары бүгінде жұртшылыққа танымал. Өнерде өзіндік дара жолын салған шеберлер бүгінгі күнде үлгілі шәкірттер тәрбиелеу үстінде. «Ақыл көпке жеткізер, Өнер көкке жеткізер» - деп халық мұрасында айтылғандай, ағаш өңдеу өнерінің биігінен көрініп жүрген Жолаушы Тұрдығұловты атап айтуға болады. Ол М.Мақатаевтың -

Домбырам, жүрегіммен үндес едің,
Сенімен сырласымдай тілдесемін.
Бабамнан қалған мұрам сен болмасаң,
Өнердің не екенін білмес едім демекші,



қазақ халқының көп тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабын жасауда шебер атағына ие болған тұлға ретінде көпке танымал. Оның саз аспаптарын жасаудағы ерекшеленетін тұсы туындының формасы мен дыбысына баса назар аударуында. Жолаушы Әмірғазыұлының «Үкілі домбыра», «Дана қобыз» байқау бәйгесінде жеңістерге жетуінің басты себебі де осымен байланысты. Өз ісіне сүйіспеншілікпен қарай, жан-тәнімен беріле жұмыс жасайтын шебер шәкірттеріне тек қана домбыраны жасап қана қоймай, оның дыбысын есіту үшін домбырада ойнауды да талап етеді. «Халықтық қолөнер-халықтың жан дүниесінен пайда болған көркем ойлар әлемі» деп шебердің өзі айтқандай, мұрамызды жаңғыртуда аянбай еңбек ететін өзі секілді шеберлер тәрбиелейтініне сенімдіміз.

Аспандағы кара бұлт сейіліп, тәуелсіздік алған жылдары бақытты балалық шағын өткізіп, ата-бабадан қалған этнографиялық өнердің бір пұшпағын иеленіп жүрген, зергерлік өнерді зердесіне түйіп өскен, Ж.Тұрдығұлов ұстазының жолын қуған тағы да бір қолөнер шебері Алмас Мұстафаев.



Шынайылық пен адалдылықты әспеттейтін өнердің биігіне шығу екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес. Еңбек етсең, алынбайтын қамал жоқ деген сөзді өзіне ұран етіп алған А.Мұстафаев бүгінде «Дала сазы» кәсіби мамандарға арналған, ұлттық саз аспаптар шеберханасының директоры.

Қазіргі уақытта шеберлердің деңгейін көтеріп келе жатқан - Қолөнер шеберлер одағы. «Одақтың құрылуы дер кезінде қолға алынып отырған маңызды қадам. Оны құру жөніндегі идея 2008 жылы өткен қолөнер шеберлерінің конференциясында көтерілген болатын. Бірақ, ол кезде қолөнер шеберлері де біз де дайын болған жоқ едік. Біздің бірігуіміздің негізгі мақсаты

– елімізді және шетелде қолөнер шеберлерінің дәрежесін көтеру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, болашақ жас буын үшін ұлттық рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау мен дамыту болып табылады», - деп Қазақстандағы қолөнердің дамуына ықпал етіп келе жатқан «Our Heritage» қоғамдық қорының президенті Айжан Бекқұлованың Зинат Орынбасароваға берген сұхбат барысында айтып

өткен болатын.

Одақ ең алдымен колөнер шеберлері үшін көрмелерге, жәрмеңкелерге, тренингтерге және тағы басқа әртүрлі шараларға қатысу жөнінде ақпараттар алуға, арнайы жасалған «Шебер» сайтына өзі және бұйымдары жөнінде мәліметтер ілуге, тұтынушылардан одақ арқылы тапсырыстар алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Одақ шеберлердің нарыққа шығуын кеңейтуге, Қазақстан колөнершілер желісін құруға, колөнер саласына қатысты барлық мәселелерді шешуге ықпал ете алады. Дәл осы бағдарлама арқылы жыл сайын бүкіл Қазақстандағы шеберлердің басын қосып отыратын «Шебер» байқауы өткізіліп келеді. Байқау 2011 жылдан бастау алды. Жыл сайын еліміздің түкбір-түкбірінен жүзден аса шеберлер бағдарлама арқылы өз бақтарын сынай алады. Солардың ішінен тек 10 шебер ғана үздік атанып, 10 номинация бойынша марапатталып, жеңімпаздар шет елге жолдамаларға ие болады. Осы арқылы көптеген көрмелерге қатысып, тәжірибелерін арттыруға мүмкіндіктер алады. Қазіргі уақыттағы деңгеймен, 2000 жылдар аралығындағы уақытқа көз жүгіртіп, салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, айырмашылығы тап бір жер мен көктей деп теңеу келтірсек қателеспейміз. Бағдарлама арқылы көптеген байқауларда жеңіске жетіп жүрген Молдабаев Берікбол, Жапаев Мадияр, Уалиев Еркебұлан сынды жас шеберлерді атап өтуге болады. Бұл шеберлер 2015 жылы бағдарлама арқылы байқауда өз бақтарын сынап, жеңімпаз атағын иеленген болатын.

Көнере бастаған колөнерді бүгінгі күнде өз кәдемізге жаратып, қолданудың маңызын ұғынып жүргендер арасында шебер Уәлиев Еркебұланды ерекше атап кете аламыз. Ағаш ұстасы «2000-2015 жылдар аралығындағы шеберлер деңгейі қазіргі таңдағы деңгеймен салыстырғанда әлдеқайда төмен болды»-деп есептейді.

Байқауға халықтар тұрмысында ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең ежелгі жиһаздардың бірі – сандық бұйымын ұсынды. Сандық – киім-кешек, тағы басқа да заттарды салуға арналған бұйым. Бұйымның ерекшелігіне тоқталып өтетін болсақ, біріншіден материалы поддоннан болса, екіншіден ешқандай кілей немесе шеге секілді заттар қолданылмай табиғи терімен тоқылып жасалған. Жерге қойғанда түбі дымқыл тартпау үшін, астыңғы төрт бұрышымен үйлестіре тақтайдан бұрышынан аяқтары орнатылған. Сандықтың беті бояумен сырланып, түрлі ою-өрнектермен безендірілген.

Қорыта келе айтатын болсақ, еліміздің жарқын болашағы жастардың қолында деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, әрбір елім, жерім деп еңбек еткен, қазақ халқының колөнеріне жан бітіріп жүрген жас шеберлер барда көне дәстүріміз өшпей, әрқашанда биік деңгейде көрінетініне сенімдіміз!!!

Балерке ОРАЗ
Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы
«Өнертану» мамандығы 3курс



«Наше все» Зульхайнара Кожамкулова



8

18 октября 2017 года в столичной галерее искусств «Хас Санат» открылась персональная выставка Зульхайнара Кожамкулова под названием «Наше все».

Художник и скульптор Зульхайнар Кожамкулов является ярким представителем современного искусства Казахстана, выводя его на новый уровень. Его искусство, как и он сам – яркое, свежее и смелое. Художник полон идей, любит экспериментировать и открыт для нового. «Наше все» - это цикл портретов выдающихся казахстанцев, достаточно узнаваемых, в нестандартном видении художника – здесь композитор Шамши Калдаяков, космонавт Тохтар Аубакиров, герой Советского Союза – Бауыржан Момышулы, поэт и общественный деятель Олжас Сулейменов и многие другие. Автор применил прием повторяющихся портретов, характерный для стиля «поп – арт», при этом без использования печатного станка. Художник мастерски играет на контрасте оттенков, выражая настроение, внутренний мир, характер героев через цвет. Автор дает возможность взглянуть зрителю на выдающихся деятелей XX века именно в контексте настоящего времени. Вдохновляясь темпом современной жизни, мастер своим творчеством разрывает общепринятые рамки восприятия искусства в постсоветском пространстве. В рамках проекта у художника удалось взять интервью:

– Что Вы можете рассказать о своем раннем творчестве?

– Я работал в различных направлениях, пробовал, искал. В раннем творчестве я равнялся на Салихитдина Айтбаева, изучал его картины, стиль. Айтбаев пропускал через себя европейскую живопись и выдавал свое видение, индивидуальный узнаваемый почерк. Я учился у него такому качеству, как выработка собственного стиля.

– Ваши картины очень напомнили работы знаменитого художника Энди Уорхола. Возможно, Вы пропустили его творчество через себя? Как Вы в целом относитесь к «поп – арту»?

– Поп - арт родился в 60-е годы. Наша перестройка не позволяла нам быть свободными, свободно мыслить и дышать. А теперь посмотри – время совсем другое. Даже архитектура Астаны вдохновляет творить в современных стилях. Поп - арт – это тот язык, которым я



лучше всего могу выразить свое видение современности. Уорхол печатал с помощью станка, а я все пишу сам, только беру за основу фотографию.

– По каким критериям Вы выбираете личность, которую пишете?

– Обычно, изображаемого человека я так или иначе знаю, имею в виду не лично, а его деятельность и творчество. К примеру, мне близка музыка Шамши Калдаякова, Нургисы Тлендиева. Мне нравится мышление личностей, которых я изображаю. А какое влияние они оказали на Казахстан, это ведь гордость нашей страны.

– Кто Вам наиболее близок из современных художников Казахстана?

– Я с ними со всеми дружу,

общаюсь. В Астане, Алматы есть друзья – художники. Есть те, кто мне нравится, но они работают в основном в живописи.

– Когда Вы работаете над очередным детищем, ориентируетесь ли Вы на публику?

– В первую очередь я делаю то, чего хочу именно я. После уже думаю о зрителе. Например, я написал портрет президента нашей страны, мне было интересно, как его воспримут. Наш президент возвел прекрасную столицу, модернизированную Астану, и, я думаю, он поймет мое творчество.

– Какие у Вас планы на ближайшее время? Может Вы уже работаете над новыми картинами?

– Я хотел бы свозить выставку и в другие города, думаю, работы заинтересовали публику. В этом стиле я раскрылся не полностью, планирую еще больше работать.

– Что бы Вы могли посоветовать молодым художникам, которые только начинают свой путь?

– Я закончил художественное училище им. Н.В. Гоголя в Алматы. После окончания я все силы вложил в творчество. Не старался заработать деньги, а именно развить свое мастерство. В данное время молодежи, конечно, сложно. Как говорится «хочешь жить – умей вертеться». Во время моей молодости тоже было нелегко, но с помощью таланта и трудолюбия можно было добиться многого. Мы ездили в Москву, в Крым, в другие города. Выставочные экспонаты раньше проходили жесткий отбор. А что сейчас? Вы и сами видите, что уровень стал намного ниже. Я советую молодому поколению трудиться, завязать узлы потуже, все перетерпеть. Как бы не было сложно, не отказывайтесь от своего поприща. Активно сотрудничайте с галереями, чащеставляйтесь. Настанет время, когда творчество вас отблагодарит.

На сегодняшний день работы Зульхайнара Кожамкулова пользуются большой популярностью не только в Казахстане, но и за рубежом. Его картины приобретены галереями США, Германии, Монголии и Кореи.

Ева ТАНЫМОВА
«Искусствоведение» 3 курс

Бұлтты күні шыға келген күн сияқты




Айтпақшы, менің қатыным Жәмилә қалай? Соған да сәлем айта салыңдар, - деп хатында жалғыз жары Жәмиләнің хәлін өзінің баптап жүрген жылқысынан кейін сұраған Садықты ақыл-есі орнында, санасы берік адам деп айта аласың ба? Оның тілін бұрап, ыргатыла сөйлейтіні көрерменді еріксіз күлкіге жетелейді. Жолындағысын жайнап өтердей жүрісі де, көңілсіздікке (трагедияға) көрік бергендей, әйтеуір шынайы күлуге шақырады. Көзін алартып, бедірейе қарайтын бұл кейіпкер жанымға жақын. Ол менің жүрегіме қалай жол тапты. Неліктен менің көңілімнен осынышама айрықша орын алды? Әрине ойнаған актердің шеберлігі арқылы. Бұл актер Әбілмансұр Серіков. Рөл орындауына қарап «ізденгіш» актер екен ғой деп, бір ой түйдік.

10

Режиссер Талғат Теменовтің «Аққудың көз жасы» атты қойылымында Садықты кейіптеген Әбілмансұр өз кейіпкеріне кембағал мінездерді өз жанынан қосқан. Өмірден алған. Аядай ауылында тура осындай болмысты адам болған екен. Сол адамның мінез-құлқын өз кейіпкеріне арқау ету арқылы көпшіліктің жүзіне күлкі үйіртті. Садық бейнесі жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Жәмилә» повестінде ақыл есі сау, алмағайып соғыс жылдары көппен бірген майданға аттанып оралмаған адам болып суреттеледі. Повесттің өзінде аты аталып, соғысқа кетін, қаралы қағаз келетіні жайлы ғана кейіпкерлік мәлімет қана бар. Оқиғаның негізгі кейіпкерлері Жәмилә мен Даниярдың төңірегінде ғана өрбиді. Спектакльде кейіпкер Садық басқа қырыннан көрсетіліп, Жәмилә мен Даниярдың жан-жақты ашылып дамуына себепкер болғандай. Жәй ғана Садық емес, көрерменнің есінде жатталып қалар ерекше Садық дәрежесіне көтеріледі.

Бұл Садықты, екінші құрамда актер Олжас Жақыпбектің ойыны арқылы да көрдім. Олжастың кейіпкері керісінше ақыл-есі сау, ауылдың сен тұр, мен атайын деген жігіті. Және маған бұлай саналы етін көрсетуі қисынсыз болып көрінді. Жәмиләге деген қарым-қатынасы, соғыстағы хаты, майданнан келген бетте әйелін оңдырмай аяусыз сабауы - ақыл-есі бүтін адамның ісіне жатпайды. Сондықтан, Олжас Жақыпбекке қарағанда Әбілмансұр Серіковтің кейіпкері көңілге қонымды.

Таптауырындылыққа салынбай, әр рөліне өзгеше серпіліс беретін актерлерді – «ізденгіш» актер деген ұғымға кіреді. Бір ізділікке салынып, әртүрлі рөл ойнаса да әйтеуір бір жері өзге рөлдеріне ұқсап кететін актерлерді көп байқаймын. Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалы драма театрында жұмыс істейтін актер Әбілмансұрдың әзірге екі-ақ рөлі бар (шағын рөлдерді айтпағанда). Сол екі рөлдің айырмашылығы жер мен көктей. Бірі - жынды Садық болса, екіншісі - жастық жалыны арындаған жауынгер. Яғни В.Ежовтың "Тыраулап ұшқан тырналар" спектакліндегі Пернебек бейнесі.



Сарбаз бейнесінде Әбілмансұрды мүлдем басқа қырынан көреміз. Бұл рөлінде актер еркін ойнайды. Кейіпкерінің болмысына еніп, сахнада өмір сүреді. Бойында ешкімге арамдығы жоқ албырт жастың, адамгершілікті (гуманистікті) бірінші орынға қоятыны, кеудесінде жаны бар кез-келген адамды баурайтыны ақиқат. Талай елге кесірін дартқан сұм соғысқа лағнет жаудыратыны, Пернебектің көзінен сезіліп тұрды емес пе? Жан дүниесі таза қос ғашық жер бетінде тек мейірімділік пен махаббаттың орнауын шын қалайды. Жан-тәнімен тілейді. Ал олардың жан сарайының тазалығын көрермен қалай сезінді? Инганың (А. Танабаеваның) жылап тұрып қу соғысты кінәлайтынынан сезінді. Себебі ол өз құлқынын, я болмаса өз елі, Неміс ұлтының ғана тағдырын ойлап тұрған жоқ. Ол жалпы адамзаттың бақытты ғұмыр кешуін шын тілейді. Ал Пернебектің тазалыққа тұнған жан-дүниесін, бала көңілінен байқауға болады. Жыламсырап, әрең тұрған Инганы жұбатудың орнына, оны ит болып, теріс қарап тұрған сәтінде қорқытады, әр сөзін қалжыңға айналдырып отырады. Әбден келеке ете ойнайды. Әйтседе жарасып тұр. Түнере беру, түңіле беру қасындағы адамыңа да әсер етпей қоймайды. Бала қылығы, періште мінезі арқылы Инганың көңілін тауып, неміс қызының бойында махаббат сезімінің тұтануына себепші болады. Әбілмансұрдың жүзіндегі көңілді бет-құбылыстары, бейкүнә күлкісі кейіпкерін тіпті сүйікті, жағымды етіп жібереді.

Актер ойнайтын екі қойылым да көңілсіздікке құрылған. Екі шығарма да соғыстың кезеңі. Екі спектакльде де көрерменге күлкі сыйлап, көңіл-күй дарытатын көп жағдайда Әбілмансұр Серіковтің екі кейіпкері. Театрда отырғанда, қойылым көруге келген көпшілік актердің осы рөлдерінен қуат алғандай серпіліп қалады. Себебі драманың еңсені басып бара жатқан оқиғаларына беріліп, күйзелін отырған көрермен жарқ етер жақсылықты, көңілді әрекетті қалап отыратыны бар. Оған мен қалам тартқан актердің рөлдері жауап бергендей. Осынау рөлдері «бұлтты күні шыға келген күн сияқты».

Әсет АҚМОЛДА
«Театртану» мамандығы 3 курс



Ес-аймаққа — қуыршақтар келді

Қазақстан Республикасы дамыған 30-елдің қатарында болу мақсатында «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру аясында» мәдениетке ерекше көңіл бөліп отыр. Еліміздің болашағы жастарға байланысты. Сондықтан да жоғарғы оқу орындары көптеген рухани іс-шараларды өткізуде.

«Менің негізгі базынам өнер шеберлігінде. Жастар жағы «жаспын» дейді. Егделер «ересек тартық, қажеті не?» дейді. Сонда ұрпақ қамы, келшек тағдыры деген кастерлі ұғымдардың жай сөз болғаны ма? Жастарымыз өткенді ұмытуға жақын. Ол тарихты, дәстүрді, үрдісті аяқ асты етумен пара-пар. Егде буын мен жас толқын арасындағы рухани байланыс үзіліп бара жатқандай. Үлкеннің кішімен, кішінің үлкенмен шаруасы жоқ уақытта көп мәселелер сыншы Әшірбек Сығайды мазалаған көрінеді. Сол себептен, казак өнеріне еңбек етін жүрген қайраткерлер мен жас буынды біріктіру мақсатында «Ес-аймақ» атты мәдени-танымдық бірлестігінің негізін қалады. Ұлағатты ұстаз өзінің аманаты ретінде қалдырған «Ес-аймақ» бүгінгі күнде белсенді жұмыс атқаруда. Ағайдың бір ауыз сөзін жерге тастамай шәкірттері бұл шараға атсалысып жүргізіп отырғандары қуантарлық жағдай. Әр ай



12

сайын өтетін бұл рухани кештің, өнер жолына түскен жастарға тигізер әсері зор екені анық. Бүгінде жанымызда жүрген білімдері ұшаң теңіз, өнер қайраткерлерімен жүздесіп, сұхбаттасуға мүмкіндік туып отырған сәтті дұрыс қолдана білгеніміз жөн. Көптен күткен бірлестіктің кезегі де келіп жетті. Бұл жолы кештің қонағы болған Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, педагог, қуыршақ театрының актері - Серік Мақұлбеков.

Қуыршақ театры көпшіліктің назарына көп іліне қоймайтыны жасырын емес. Елімізде санасаң онға да жетпейтін бар жоғы сегіз-тоғыз театр жұмыс істеуде. Тіпті бұл театрлардың бар болған күнін өзінде де, олардың өнерін саралайтын көрермендерінің аз болуы өте өкінішті. Бұл өнердің дамуы үшін ең алдымен білімді мамандарды дайындау қажет. Театрдың дамымай артта қалуының бірден-бір себебі актерлердің, режиссерлердің тапшылығы. Сондай-ақ жас мамандарды даярлаумен қатар балаларға арналған шығармалардың жетіспеушілігіне де байланысты. Қуыршақ театрлары кішкентай бүлдіршіндеріміздің рухани дамуына зор ықпалын тигізетін өнер түрі. Осы өнердің тұтқасынан берік ұстаған Серік Мақұлбеков бүгінгі қазақ қуыршақ театрлары турасындағы проблемаларды жайып салды. Жәй айтпады. Ашынып айтты. Күйініп айтты.

Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада және цирк колледжінің «қуыршақ театры актері» бөлімін бітіргеннен кейін Шымкент және Алматы мемлекеттік қуыршақ театрларында жұмыс істей бастады. 1983 жылы С.Мақұлбеков Ленинград қаласы Н.Черкасов атындағы театр, музыка және кино институтының «қуыршақ театры актері» мамандығы бойынша өнерін шыңдайды. Елге оралғаннан кейін Серік Сейсенбайұлы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында студенттерге дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеуді бастайды. Қазіргі уақытта Қазақ Ұлттық Өнер университетінде қызмет атқаруда.

Аудиторияға кірген сәттен бастап-ақ өнер сүйер қауым С.Мақұлбековты ыстық ықыласпен қарсы алды. Орындыққа отырғаны осы еді жүргізуші 4 курс студенті Хәкім Хасамбай көпшілік қауымды



қызықтырып жүрген сұрақтарын өз кезегімен қоя бастады. Актер бірден өзінің өнер жолына келуіне қандай жағдайлардың түрткі болғанын айтудан бастап кетті. Арасында бала кезіндегі қызықы сәттерін айтып әңгімені одан ары қызықтыра түсті. Аудиторияда ине шаншыр жер болған жоқ. Студенттер Серік ағай айтқан ақылын-кеңесін, әңгімесін, бастан өткен оқиғаларын сүйсіне тындап отырды. Куыршақ театры жайлы хабардар болмаған студенттердің қызығушылықтары оянғанын көздерінен аңғаруға болады. Ағамыздың сөздерінен өнердің бұл түріне көп көңіл бөлінбейтініне, осы салада жас мамандардың жоқ болғанына аздап өкпесінің бар екенін білдіріп отырды.

Сұхбат барысында С.Мақұлбеков шеберханасының дайындаған бірнеше қойылым үзінділерін тамашаладық. Әр үзінді біткен сайын жас актерлер көрермен қошеметтеріне бөленіп жатты. Шынымен де жансыз затқа жан бітіріп, оған мінез дарытып, көрермендерді сендіру өте қиын. Әр қойылым біткен сайын С.Мақұлбеков куыршақ театрының ерекшеліктері мен оның ішкі жұмыстарының қалай өтетіндігін таныстыра отырды. Бұл кезекті отырыс көрермендердің көңілінен шыққаны анық.

«Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестіктің қонағы болған С.Мақұлбековке алғысымыз шексіз. Осындай тұлғадан тәлім алған шәкірттердің, Қазақ куыршақ театрының болашағын жарқын етуіне өз үлестерін қосатынына кәміл сенеміз.

Мейірім МҰҚАШ
Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы
«Театртану» мамандығы 2 курс



Конкурс

«Лучший учитель КазНУИ 2017»



Победители:

Лучший учитель школы -
Григорьева Нина Михайловна
Лучший учитель колледж -
Мамбетова Дина Азербайжановна



Главный приз, «Лучший учитель КазНУИ»
- Нурмухамбетов Ерлан Маратович



Лучший учитель ВУЗа -
Садыгулов Данияр Серикович



Құрманғазының суреттері туралы

Жақында тележурналист, профессор Ғаділбек Шалахметовтің тарихи деректік «Пятый сон» атты кітабы жарыққа шықты. Кітаптың ұлы желісі қазақтың көрнекті саясаткері және ағартушысы Мақаш Бекмохаммедовтың өмірі мен қызметі туралы деректерге құрылған. Жалпы бұл кітап зерттеушілер үшін деректік дүниелерінің көптігімен құнды дер едім. Соның бірі қазақ өнерінің классик күйшісі Құрманғазының өміріне қатысты да деректер келтірілген. Және Құрманғазының фотосуреті берілген. Мен бұл шағын мақалада осы кітаптағы тек Құрманғазының фотосына қатысты ойларыммен бөліспекпін. Өйткені фотодағы Құрманғазы біз көріп жүрген суреттердегі Құрманғазыға ұқсаңқырамайды екен.

Құрманғазының өмірі мен шығармашылығын ең терең зерттеген академик Ахмет Жұбанов өзінің 1978 жылы жарық көрген «Құрманғазы» атты кітабында күйшіні көзімен көрген Ахмед Сейсеновтің хатын келтіреді. А.Сейсенов бұл хатты 1954 жылдар шамасында «Ұлт композиторы Құрманғазы

Сағырбаев туралы есте қалғандар» деген атпен Қазақстан Мәдениет Министрлігіне жолдаған екен. Сол хатта былай делінген: Құрманғазы біздің жерге келгенде мен 10-12 жас шамасында болатынмын. ...Композитор, домбырашы Құрманғазы біздің ауылға 55-60 жастар шамасында келді. ...Ұмытпасам, Құрманғазы үнемі бір жерден бір жерге көшіп жүрумен болды, үш күннен артық еш жерде кідірмейтін. Оның қонған жерлерінде ылғи көп адам жиналып, бір той сияқты болатын да жүретін. Күндіз-түні ол отырған үйде музыканың үні судай сылдырайтындай жататын. Құрманғазының түрін де есімде сақтадым. Ол ортадан гөрі жоғарырақ бойы бар, төртбақ, киімді жұпыны киетін. Басында қаракөл бөрік, жаздың күні орамал тартатын. Ат жақты, қара торы, көзі сәл қиғаштау біткен, мұрны үлкен, қыранның тұмсығына меңзейтін. Шашы ұзын, орыстың попыныкі сияқты болатын. Күйші туралы осы суреттеу «Пятый сон» кітабында жарияланған фотосына ұқсаңқырайды. Бұл фотоны <https://yvision.kz/post/439720> сайтынан да көрдім. Алайда, фотоның түп нұсқасы қай құжаттан алынғанын біле алмадым. Фото казиргі суретшілер салып жүрген Құрманғазының суретінен мүлдем басқаша. Салыстырыңыз:



Әрине, күйшінің образын шығарған күйіне қарап әр суретшінің оның келбетін әр түрлі елестетуі заңды. Дегенмен, осы суреттердің қайсысы түп нұсқаға келеді деген сұрақтың туындауы да заңдылық. Және осы фото шын мәнісінде Құрманғазының фотосы ма деген де сұрақ мазалайды.

Ал 1936 жылдың 24 ақпанында Құрманғазы шығармашылығына арналған бірінші концерттің афишасындағы сурет, дәл болмаса да, фотодағы суреттің негізіне келеді. Бұл афишаға салынған сурет А.Жұбановтың 1936 жылы Қызылордада шыққан «Құрманғазы» атты кітабынан алған екен. Бұл туралы академик өзінің «Ән-күй сапары» атты кітабында былай келтіреді: «Құрманғазы» деген кітапшамызда күйшінің сакалын екі айырып, иығынан асырып тастап, домбыра тартқызып қойғанымыз да сол Махамбет Бөкейхановтың мәліметі бойынша болатын. Ол кісі «Құрманғазының сакалы аса ұзын болған. Сондықтан домбыра тартқанда оң қолының құлашы кеңдіктен саусақтары сакалын жұла берген соң, күй тартар алдында сакалын екі бөліп екі иығынан асырып тастайды екен» деген болатын. Кейін 1937 жылдың күзінде Алматыға Дина келгенде біздің бұл жорамалымыз расқа шықты. Осы әңгімені Дина да қостады». Демек, А.Жұбанов жоғарыда аталған фотоны көрмеген. Сонда бұл фото қайдан табылды және бұл Құрманғазы ма деген сұрақ одан сайын өткірлене түседі.



1936 жылдың 24 ақпанында Құрманғазы шығармашылығына арналған бірінші концерттің афишасы

Академик «Құрманғазы» кітабында 1952 жылы Алматы консерваториясының студенті Фазыл Сұлтановтың Құбаштың баласы Төлегеннің семьясымен түскен суретін алып келгендігін жазады. Және «Құрманғазы әулетінің суретке түскендерін біз бірінші рет көрдік» дейді.

Орыс жазушысы Н.Савичевтің де Құрманғазы туралы жазып қалдырған дерегі бар. "Ол орта бойлы, орта жастағы адам еді, келбетті келген, бетінде ақыл-ойдың нышаны бар, бай да емес, кедей де емес, татаршалау киім киген" деп келтіреді де, «ол менің суретін жазып алуыма келісімін беріп, мен қашан оның фигурасын



а)

келтіргенімше ойнап отырды» деген жолдарын А.Жұбанов осы кітабында келтірген. Бірақ Н.Савичев те, Ахмед Сейсенов те Құрманғазының сақалының тым ұзын болғандығы туралы айтпаған. Кім біледі, ол да Құрманғазыны кімнің қай кезде, қандай күйде көргендігіне байланысты болар. Және академик «Н.Савичев кейінгі кездерде кездескен деректерге карағанда Тарас Шевченконың досы болып шықты. Оның бұл дерегінің ішінде Құрманғазының өмірбаяны, творчестволық бет-әлпеті үшін үлкен дүниелер жатыр. Біз енді сол Н.Савичевтің жеке архивін іздеудеміз» деп келтірген екен. Бірақ сол архивтен Н.Савичев салған Құрманғазының суреті шықты ма, шықпады ма, ол жағы белгісіз.

Қалай болғанда да қазіргі салынған Құрманғазының суреттерінің ішінде а) мына сурет қана (а сурет) осы фотодағы кескінге аздап келетін сияқты:

Ал жайлауда отырғандай етіп салынған сурет (б) сол афишадағы суретке де, мына фотодағы суретке де ұқсамайды. Тіпті мына суретте Құрманғазы Кенен Әзірбаевқа көбірек ұқсап кеткен.



б) Құрманғазы



Кенен Әзірбаевтың фотосы



А.Жұбанов кезінде жан-жақты зерттеуге мүмкіндіктері болмағандығын, оған әр түрлі себептер бар екендігін жанамалап болса да айтып кеткен еді. Яғни, оның бұл сөздерінен Кеңес Одағының ұлттық өнерді зерттеуге аса көп мүмкіндік бере бермегендігі жағдайынан түсінуге болады. Дегенмен кейінгі зерттеушілер үшін бұл да бір сілтеме болары

сөзсіз. Академиктің еңбектерін зерделей оқитын жастар табылса, қайдан не іздеу керектігіне талай бағыт-бағдар тауып алар еді. Қазақтың күй тарихы мен күйшілер тарихы әлі де талай зерттеуді қажет етеді.

Рымхан ӘБІЛХАНҰЛЫ,
Қазақ ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы

Ізденушіге не керек?



1. Іздеп табу қабілеті. Қазіргі жоғарғы оқу орындарында ақпараттың барлығы берілмейді. Көбіне мәліметті іздеуге бағыт-бағдар сілтенеді, ал студенттер сол бағыт бойынша өздері ізденеді. Мәліметтерді дер кезінде табу оңай емес. Мамандық алып шығамын деген талапкер осыған дағдылануы керек.

2. Өз бетімен оқу. Ақпаратты іздеу – бұл аз. Оның арасынан өзіне керегін ғана алып, түсініп, санаға жүктеу керек. Өзгенің миымен ойлану бүгінгі күннің талабына жатпайды. Сол үшін өз бетімен оқып, ақпаратты сіңіре алу керек.

3. Өз-өзін басқара білу. Студенттердің басым бөлігі «бәрін білгім келеді» деген сөзді жақсы көреді. Сол себепті, әркімнің сөзіне ерін кетеді. Қоғамның

қозғаушы күші де осы студенттер. Бәріне сақтықпен қараған дұрыс. Өз-өзіңізге жауап беру – үлкен іс.

4. Топ болып жұмыс істеу. Жоғарғы оқу орнында студент көппен бірге жұмыс жасап үйренуі керек. Көпшілік ортада өз ойын еркін жеткізіп, таныта алуы тиіс. Көптің бірі болу қазіргі студенттерге жат. Бірі өнерімен, бірі іскерлігімен, бірі спорттық қабілетімен, бірі басқару ерекшелігімен ортада ерекшеленіп тұруы қажет. Көлдің тамшыдан құралатынын ұмытпаған абзал. ЖОО – аспан, ал студент – жұлдыз. Бәрі жанып тұрса, аспан әдемі болары сөзсіз.

5. Әртүрлі адамдармен сөйлесу. Бір топта бірнеше мінез, бірнеше келбет, бірнеше дауыс бар. Олар бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Олардың бәрімен тіл табысу – зор өнер. Жарайды, топ – ол өз ортаң. Ал оқытушылар қауымы ше? Олардың қабағы, сөздері... Олардың тамырын басып сөйлеу, шамадан шықпау, сөйлеу этикасын қалыптастыру оңай іс емес.

6. Ел алдында сөйлеу. ЖОО-да күндердің бір күнінде ел алдында сөйлеуге тура келеді. Ауызша емтихан, семинар тапсыру, дипломдық жұмыс қорғау керек. Тобыңыздағы құрбыңыздың артына тығылу, әсте, жараспайды. Батылдық – сізді алып шығатын серігіңіз.

7. Ұнамайтын жұмыстарды да жасау. Өмірде түрлі жұмыс бар. Оның бәрі бірдей сізге ұнай бермейді. ЖОО қабырғасында сізге ұнамайтын тапсырмалар жүктелуі мүмкін. Аралық бақылауға сіз ұнатпайтын тақырыпты қорғауға берсе, бас тартпай орындап көрген жөн.

8. Мақсат қоя білу. Мақсат қоя білу үлкен жауапкершілікті талап етеді. 24 сағат ішінде оқып та, тамақтанып та, демалып та үлгеру керек. Ал үлгеру үшін жоспар керек. Жоспар дегеніңіз – мақсат. Бір күнге мақсатты дұрыс қоя білген адам өмірде де адаспайды.

(материал интернет желісінен алынды)





Өмірдің мәнін іздегендерге...

18

Баяғыда бір жас жігіт ұзақ жолға шығыпты. Асқар белдерді асып, атақты данагөйге жолығып, өзінің бұл тірлішіктегі мақсатын білгісі келіпті. Ұзақ жол неше түрлі ойға жетелейді. Дананың үйі қандай екен, өзі қандай екен деп қиялы сан қиырды шарлайды. Сөйтіп келе жатса, күн сіңген алаңқайда қуыршақтың үйіндей ағаш үй тұр екен. Үй ерекше парасат иесінің емес, қарапайым отбасылы адамның шаңырағына көп ұқсайды.

Орта бойлы, мығым денелі азамат қарсы алады. Құшағын кең жайып, жайдары күліп, «Қош келдің» дейді.

– Құдайы қонақты көретін күн бар екен ғой, шай ішесіз бе? – депті.

Жас жігіт көршісінің үйіне кіріп кеткендей күй кешеді.

– Бұл өмірдің мәнісі не? Соны білейін деп келіп ем, - дейді.

– Солай ма? Бұл сұраққа мен жауап бере алады деп келдің бе? – депті.

– Сұрағыма сіз жауап берер деген үмітпен келдім, - дейді жас жігіт.

Анау адам жымышты. Үйден шығады да, жұпары аңқыған бір құшақ гүл алып келеді. Шағын құмыраны алып, түбіне ғана азғантай су құяды да, сол құмыраға гүлді салып қояды.

– Сен мына құмырасың. Гүл – сенің мақсатың.

– Бірақ тамыры суға жетпесе, гүл солып қалмай ма? – дейді жігіт.

– Дәл солай. Сол үшін су деген не екенін түсінуің керек. Қарсы бөлмеде жиналмалы күрке бар, соны ал да, маңайдағы тау-тасты аралап кел. Судың не екенін түсінгенде ғана орал.

Жас жігіт мұндай жауапқа қанағаттанбайды. Қатты ашуланады. Бірақ әлгі адамның ақылын алады. Осынша биік тауға тектен тек келмеген шығармын деген ой маза таптырмайды.

Жалғыз өзі көп күн бойы тау аралайды. Жыртқыштан қорғанатын түгі жоқ. Талғажау етер малтасына мез бопты. Кеш бата от жағып, күркесін тігіп, соған қонады. Сұрақтың жауабын ойлап, санасы сарсылады. Сәл уақыттан соң бұрынғы күйбең өмірде ойлаған ойлары мен қазіргі ойларының арасы мүлде алшақ екенін сезіне бастайды. Көп ойлануға уақыт қалмапты. Ол айналасындағы сұлу табиғатқа тамсанып, қоршаған ортаның жазаптығына сүйсінеді. Құстардың сайрағанын естіп, соларға елітеді. Таудың таза ауасы, жаңбырдан кейінгі ылғал жердің иісі

танауын жарады. Әр шөптің өз жұпары бар екенін байқайды. Ойланғысы да келмей бара жатқанын түсінеді. Дене қимылы ширап, желге қарсы жүреді, талтүсте сая болар жер іздейді. Талай қызықты байқап, жадыға түйіп қояды. Өзін жаңадан танып жатқандай күй кешеді. Ешкім ренжіте алмайтын, өкпе артпайтын жерде өзінің жаны жадырап, көңілі жайдарыланып, жүрегін әлемге айқара ашқандай болады. Қоршаған әлем бұның жүрегіннің төріне орнығып жатқандай. Үшінші күн дегенде жаман ойдың бәрі өшіп, жаны рақаттанады. Мен кім болам деген сауал көмескілене берді. Бір таудан екіншісіне сейіл құрып, өзінің болмысына етене жақын бола бастады. Өзін танымай тұрып адам жан тыныштығын таппайтынын, немен айналысқысы келетінін анықтай алмайтынын түсінді. Өзінің кім екенін білмей тұрып не істесем деп әуреленгеніне күлкісі келді. Осындай оңашалықта өзін ертерек білуге тырыспағанына қынжылды. Жігіт данагөйдің үйіне жан тыныштығын тапқан соң келеді. Өзін бақытты сезінеді. Кешке таман екеуі от жағып, данагөй жігіттен саяхаты қалай өтті деп жөн сұрайды.

Үстел үстінде аз ғана су құйылған құмыра әлі тұр екен. Жас жігіт құмыраға келіп тағы да су құяды. Сосын:

- Осы уақытқа дейін басқа бағытқа қарап келгеніме таң қалдым. Не істесем екен деп армандайтынмын. Тек өзгелерден артық болу үшін солай талпыныппын. Басқалар істей алмағанды істесем деп келіппін. Маған тәкәппарлығым маза таптырмаған екен. Өзімнің қаншалықты ерекше адам екенімді білмей өтіппін. Өзімді танымаппын. Жан жүрегімнің түкпіріндегі бос кеңістікті толтыру үшін ғана өзгеден асып түссем деп жанталасыппын. Су деген өзіме деген сүйіспеншілігім екен. Өзіме деген сенімім мен өзімді түсінуім.

Бұдан былай өзгемен жарысудың қажеті жоқ екенін түсіндім. Немен айналысым келгенді білдім. Жүрегім сезді. Мен жүрегіме сенем, - дейді.

Үш жылдан кейін әлгі данагөй асай-мүсей сатып алмаққа қалаға келіпті. Жергілікті газеттен соңғы жылы үлкен жетістікке жеткен ірі компания туралы оқып, біледі. Суреттен өзіне келіп кеткен жас жігітті таниды.

Екатерина КОЗЕНКОВА
Аударған: Шынар ӘБІЛДӘ

АҢЫЗ

Жолдар-жолдар сақалын шаңға бөккен,
Күндер күтіп тұр мені алда неткен?
Батпан-батпан ұйқыдан маужырайсын,
Бабалардың іздері қайда кеткен?

Қайда кеткен іздері бабалардың?
Найзасының ұшы алтын даналардың.
Ен далада тас балбал сыр шертеді,
Жөн сұрауға бір күні оралармын.

Аңыздардың әрі бар, таңдайында,
Өздерің де аңыз боп сарғайдыңдар.
Қара көзін мөлдіретіп енді мен,
Қара өлеңнің сипайын маңдайынан.

Кім біледі аңыздар шағыл құмдар,
Тек жауынның өлімші зарын тындар.
Шағыл құм боп, Әй - қайран аңыздар-ай,
Сайын дала төсінде сабылдыңдар.

Қара нары тым жүдеу болған жауыр,
Қара көш қозғалмайды қайғысы ауыр.
Ен даланы елес боп кезін кеткен,
Қара нардың үстінде қалған ауыл.

Аңыз болсын, болсада көрі мейлі,
Күлтебені күллі елдің төрі дейді.
Елең - алаң ертемен үрке баста,
Сол төбенің басында бөрі ұлиды.

Жақсылық МҰРАТБЕК
«Кинотеледраматургия» мамандығы
1 курс



Праздник, который ждали все

С 25 октября по 1 ноября 2017 года в городе Астана состоялся фестиваль под названием «Жанарымдағы жалғыз әуен» посвященный 10-летию театра Жастар города Астана и 70-летию Заслуженного деятеля РК, кавалера ордена «Парасат», обладатель театральной профессиональной премии «Енликгуль — 2016», национальной театральной премии «Сахнагер — 2017» режиссера, актера, профессора, художественного руководителя и главного режиссера театра Жастар Нурканата Жакыпбай.

Фестиваль проходил в стенах театра; были представлены вниманию зрителя 10 лучших постановок десятилетия: «Нартәуекел», «Жан азабы», «Сұлу мен Суретші», «Шыңғысхан», «Моцарт», «Асауға тұсау», «Меккеге қарай ұзақ жол», «Ревизор» и «Жанарымдағы жалғыз әуен».

Также были приглашены именитые эксперты и многоуважаемые члены жюри Жуасбек Е., Кабдиева С., Нурпейис Б., Бопежанова А и Маамиров А.

Фестиваль был необычен тем, что были организованы мастер-классы по актерскому



мастерству от Заслуженного деятеля РК, режиссера Маамирова А.М., ораторскому мастерству и сценической речи от деятеля культуры РК, Члена корреспондента художественной академии РК, профессора Абзельбаева М.Н., по вокалу от

Заслуженного деятеля РК, профессора кафедры «Вокальное пение», Сапаргалиевой Г.Г. и сценическому движению от декана театрального факультета КазНАИ им.Т.Жургенова Кулбаева А.Б.

Жастар прошел немало трудностей на пути формирования театра. Отсутствие здания, технического состава, реквизиторов и многого другого, что необходимо в первую очередь самому обыкновенному драматическому театру. Труппа, состоящая из двенадцати человек во главе с Нурканатом Жакыпбаем и Гани Кулжановым отчаянно шли к своей цели. Их смело можно назвать героями. Истории о первых годах слушаешь с замиранием сердца.

На сегодняшний день в труппе числится около сорока актеров мастерской Нурканата Жакыпбая.

Театр Жастар четко знает, чего он хочет. Он идет по своему направлению, знает свою установку и полностью соответствует своему имени — Жастар. Он независим и показывает на сцене то, что нужно зрителю нового поколения, постановки на новый взгляд. Нет той драматичности и трагичности, что мы привыкли видеть на сценах других театров. У них есть

спектакли, у которых нет ограничений и рамок в возрасте.

Невозможно не отметить актерский состав — яркие, эксцентричные, энергичные, голосистые, пластичные, свободные и импульсивные актеры, смотря на игру которых захватывает дух; тот сплоченный, единый ансамбль, который мы видим на сцене; как тонко чувствуют друг друга актеры. Каждый актер знает свое место, каждый осознает свою значимость и насколько он важен, каждый из них индивид. И в драматических постановках видна сильная партнерская

игра. Они располагают всеми данными и ресурсами, чтобы ставить спектакли во всех жанрах; у них есть желание и стремление меняться к лучшему, а это многого значит.

Превосходная труппа. В ней есть харизматичные и талантливые актеры, и порой обидно за них, что они остаются в тени Адиля Ахметова и Даурена Сергазина.

Спектакли Жастар не похожи ни на один театр, хоть у них и не экспериментальное направление, но что-то более новое и завораживающее. Своеобразный стиль, полный пластики и песни, этим они особенны и любимы.

Театр, где моноспектакль ставится чаще обычного. Даурен Сергазин, его труд, его любовь к своей работе, его разносторонность и многогранность при просмотре его спектаклей замирает сердце у зрителей. Нам известно, что он второй режиссер и в других постановках театра. Но главное, в его постановках чувствуется душа, стремление и нутро начинающего режиссера, даже если и присутствуют некоторые нюансы. Они просты, лиричны и красивы, тем и притягательны.

После просмотра спектаклей театра Жастар, выходишь из зала воодушевленной и вдохновленной. Есть особенный спектакли, о которых хочется говорить снова и снова, которые вдохновляют тебя, затрагивая те самые струны души, находящиеся глубоко внутри.

Безусловно, я бы хотела рассказать об «Укрощении строптивой» но его обсуждали и разбирали именитые критики современности не раз. Поэтому, я осмелюсь говорить о спектаклях «Тырау – Тырау, тырналар...» Сакена Жунусова и «Сұлу мен Суретші» Талаптана Ахметжана.

У каждого из нас есть та самая постановка,

западающая тебе в душу. Эти спектакли одни из них.

Этот спектакль не был показан на фестивале, но он вполне заслуживает этого.

У «Тырау - Тырау, тырналар...» очень щепетильная тема, тема ВОВ. И не просто тема войны, а тема о судьбах тех детей, которым было суждено родиться в военное время и познать все ее горести. Очень трогательные и трепетные режиссерские ходы. Задевает сцена, когда солдаты в конце сцены «с фронта» поют с девушками оставшиеся на родине, они отвечая песнями друг-другу дарят надежду, и ближе к финалу песен становится все меньше и меньше, короче и



короче... Солдаты перестают им отвечать — надежда вовсе угасает.

Отправив на фронт самых юных, Баттал – (Бахыт Хаджыбаев) остается один косить сено. Война забрала у него буквально все.

Поразительная актерская игра. Исполнители главных ролей, школьников и подростков Касым – Ербол Тлеукенов, Бакыт – Мейргат Амангельдин, Алпаш – Елдос Шайкенов, Балшекер – Наурыз Сабагатов и Балташ – Данияр Уразаев. Их игра поразила меня и оставила очень приятные, умильные впечатления. Ранее не замечала их, ибо они были актерами второго плана и в основном играли в массе. В этих ролях я увидела их совсем с иной стороны. Игра очень запала в душу.

Прочитав когда-то давно рассказ Талаптана Ахметжана, я влюбилась в нее. Влюбилась в саму историю, эту сложную историю любви. Режиссер Нурканат Жакыпбай определив жанр своей постановки, как ноктюрн, показал, что в первую очередь главное в театре – эстетика. Эстетика и как внешняя, так и духовная. Режиссерские ходы, актерская игра, хореография, сценография, световое оформление слившись воедино дали нечто возвышенное и воодушевленное, породившее нечто прекрасное.

1 ноября закрытие фестиваля с постановкой «Жанарымдагы жалгыз әуен» пролетело удивительно незаметно, на одном дыхании. Нурканат Жакыпбай стал обладателем ордена им.Ч.Айтматова и был награжден медалью. Очень трепетно и нежно отзывался режиссер о своих чувствах и эмоциях к творчеству писателя. Зал с затих замиранием сердца и со слезами на глазах.

От чистого сердца желаю театру Жастар процветания, достижения еще более высоких высот и ждем от них еще более ярких спектаклей. Надеемся, что театр будет служить народу еще долгие времена.

Аида КАЛКАТАЙ
специальности «Театроведение» 3 курс



Бейнелеу өнеріндегі автопортрет жайлы не білеміз?!



Автопортрет сөзі ең алғаш деректерде XV ғасырда кездесе бастайды. «Автопортрет» ұғымы жалпы өнерге ортақ ұғым болып табылады. Бейнелеу өнеріндегі автопортрет дегеніміз грек тілінен (гр. autos – өзін + фр. portrait – кескіндеу) — суретшінің өз портреті дегенді білдіреді. Автопортрет портрет жанырының бір саласы болып, кейіннен жеке-дара бөлініп шықты. Өнертанушы Васильева-Шляпинаның еңбегіне сүйенсек автопортреттің екі түрін қарастырған. Біріншісі - кәсіби автопортрет, мұнда автор өзін жеке әрі жұмыс барысында бейнелейді. Мұндай образ шынайы әрі автордың мамандығынан хабар береді. Ал екіншісі қойылған сюжетті автопортрет. Бұл жағдайда автор өзін белгілі-бір сюжеттің ішіне енгізіп әсерілеп немесе отбасы мүшелерімен топтық портрет ретінде, кейде қолтаңбасын жазуы басты назарда болады. Жалпы автопортрет тарихы сонау антика дәуіріне тиесілі. Сол заманның ғұламасы философ әрі биограф Плутарх мүсінші Фидиді Парфенондағы «Битва амазонок» туындысында сюжеттің ішіне енгізіп, дәлірек айтқанда Афина құдайының қалқанындағы соғыс қимылдарынан хабар беретін сюжетте бейнеледі деп жазады. Кейіннен қайта өрлеу дәуірінде қоғам сәні портрет жаздыру болған еді. Әрбір аксүйек өкілдері өздерінің байлығын көрсету барысында міндетті түрде портрет жаздыратын еді. Портретшілер де өздерін бейнелеуді осы заманнан әдетке айналдыра бастады. Мұнда италиялық суретші әрі сәулетші Джотто өзін неаполитандық кастелиде «Знаменитых людей» атты бейнеде көрсетсе, италияндық кескіндемеші Мазаччо өзін Бранкаччи Капелласында жазды. Одан бөлек Тоскандық суретші Боттичелли, Леонардо да Винчи, Микеланджело Буонарроти, Рафаэль, Тициан, Альбрехт Дюрер сынды ғұламалардың да шығармашылығынан көруге болады. Барокко стилінен Рембрандт 90 астам туынды жазса, Постимпрессионистерден Вангог 20 астам автопортрет жазған болатын. Кейін жаңа бағыттарда да өз орнын тапқан бұл бағыт фотопортретте кино әлемінен де көрініп, бүгінгі күнге жеткен болатын.

Бұл жанр қазақ өнерін де айналып өтпеді. Ең алғашқылары болып өзінің автопортретін жазған Ш.Уалиханов болатын. Бұл жайлы жазушы Ғабит Мүсірепов Шоқанның «Автопортретіне берген бағасын 1985 жылы 18 сәуірде қолжазбаға түсірген енді. Онда «Қаншама арманы, білімі ойы бар адам. Бойкүйездік, токмейілдік дегенді білмейтін азамат, жасағанына, атқарып үлгергеніне риза болмай, өзіне сын тағып, мін тағып: «Не бітірдің, Шоқан?»-деп толғанып жатыр-ау. Шоқан суретте өзінің бейнесін ғана емес, өз тіршілігінің ішкі мән-мағынасының шынайы жеткізе алған. Бұл-аз жасап, көп тындырған Шоқанның келешекте осылайша, тым болмаса бір сәтке алаңсыз жатар күн туар ма екен деген қиялы тәрізді...» деп жазған еді.

Автопортреттің авторға ұқсауы шарт емес, ол көркем бейне ретінде қабылданады. Автопортрет жанры автордың қолтаңбасын айқын

көрсететін бірден бір документ болып табылады. Автопортрет жанрын елімізде Ү.Әжиев, Д.Әлиев, А.Ғалымбаева, А.Дүзелханов тағы басқа суретшілер ұлттық бояумен байытты.

Толғанай БӨКЕШ

**Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы
«Өнертану» мамандығы 4 курс**

Райымбек режиссурасы



Күллі өнер атаулыға ортақ қажеттілік - табиғи шынайылық пен оған деген адалдық. Осы киелі қос қасиет бойына дарып, тума таланты мойындалып, халықтың жүрегіне жол тапқан ақиық актер, талантты режиссер Райымбек Сейтмет.

1955 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «актерлік» бөлімін тәмамдаған Райымбек 1960 жылы Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына қабылданды. Қара шаңырақта жүрген жас өнерпаз біраз рөлдерді сахнаға сәтімен шағарады. Мысалы: Н.Гогольдің «Үйленуіндегі» Кочкарев; Ә.Тәжібаевтың «Майрасындағы» Адвокат, Қ.Мұхаммеджановтың «Бөлтірік бөрік астындағы» Сұңғат; «Құдағи келіпті» Арыстан; Ш.Айтматовтың

«Ана-Жер-Анасындағы» Жайнақты; М.Байджиевтің «Жекпе-жегінде» Әзизді; М.Әуезовтың «Қаракыпшақ Қобыладысындағы» Бірсімбайды; У.Шекспирдің «Оттеллосындағы» Касиосын және «Асауға тұсауындағы» Люченцио сынды т.б. Актер Райымбек сомдаған кейіпкерлерін көре алмасак та, жұмыстарының толыққанды шығуы үшін өз қаһармандарының ішкі жан дүниесіне құлай көңіл бөлетіндігін көзкөргендерден талай естідік. Актердің сахнаға шыққанда жанып кете жаздайтынын. Көздерінен от ұшқындап, кейіпкерінің ішіне тереңдей-дендей еніп, оның болмыс-бітімін барынша ашып беретінін. Әсіресе оның фактурасына, дауысына қызыққан өнердегі үзеңгілес досы Әшірбек Сығайдың елжірей айтқан қымбат естеліктерін ұйып тыңдаушы едік. Әрбір сөзін шегелеп, айшықтап, көрерменіне анық жететіндей етіп беруі оның басты ерекшеліктерінің бірі екенін кезінде басылған бейнетаспалардан көрген болатынбыз. Бейненің ішкі дүниесі мен сыртқы болмысын бір-бірімен қабыстыра, астастырып берудің хас шебері екеніне куә болған сыншы тұлғаның сөзіне еріксіз сенесің. Бәлкім, ол үлкен шеберлерден алған тәлімі болса керек. Олай деуге негіз бар. Ол тұста, М.Әуезов театрында қазақ өнерінің кіл марқасқалары ойнайтын еді ғой. Ол да талантты жастың өсуіне, актерлік шеберлігінің шыңдалуына сөз жоқ әсерін берді. Оның ойынында ешкімге ұқсамайтын жеке-дара сұрлеу, өзіндік соқпақ жататыны сондықтан болар.

Өнер кез-келген адамның қолы емес. Әсіресе, режиссер болудың өзіндік қиындығы мен мейнаты мол. Сондықтан дарынды актер осы қиын мамандықты игеру үшін Мәскеудегі театр институтына түсіп, режиссерлік бөлімін бітіріп келеді. Райымбек бұл күрделі салаға бар таным-түйсігін, сана-сезімін, шеберлік тәсілін, мінез байлығын салды. Алматы қаласындағы Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық Жастар мен балалар театрын басқара жүріп, Ә.Тауасаровтың «Ас а құрметті Икс» комедиясы, Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқтысын», Ш.Мұртазаның «Қызыл жебесін», «Сталинге хат», «Бесенің хатын» сахнаға қойды. Ал, М.Әуезовтың «Алуа» драмасын қойып, абыройлы еңбек жасағаны үшін Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Ш.Мұртазаның «Сталинге хат» пьесасы – режиссер Р.Сейтметовке адам сенгісіз бедел әкелді. Т.Рысқұловтың Қазақстандағы хал-ақуал туралы Сталинге жазған екі хатының айналасындағы күрделі диалогтарға құрылғанын білеміз. Режиссер шығарманың қазақ халқы үшін маңызды тұстарды ашуға зор үлес қосты. Сталиннің ішкі әлеміне тереңдей ену үшін талантты актер Тынымбек Пірімжановты таңдады. Қоюшы режиссердің де, басты қаһарманды сомдаған актердің де әр минуттары есептеулі болды. Бос уақыттарын текке өткізбей, үнемі дайындық үстінде жүретін режиссер мен актер үшін кешкілік спектакль бейне бір шығармашылық мерекесі іспетті болды.

Сол спектакльді қойғанда, адамның көптігінен театрдың есігі сынған. Темірмен көмкерілген театр есігін сындырған көпшіліктің қара күші емес, режиссердің қиял байлығының шешіміне, Сталиннің дәл өзі бола білген актердің сахналық шеберлігіне деген сүйіспеншілік күші еді. **Режиссер мен актердің таңғажайып таланттарына тәтті болған көрерменнің ыстық деміне, жалын атқан отты лебіне емен есік те тосқауыл бола алмаған. Бұны қалың жұртшылық СЕНСАЦИЯ деп қабылдады. Түпсіз түнғыық қиялына жетелеген Райымбектің ғажап режиссерлік тапқырлығы - қалың бұқара халықтың шексіз алғысына бөленді. Қазақ сахнасында қайталанбас қойылым болды.**

Театр репертуарынан ұзақ жылдар бойы түспей келген «Сталинге хат», «Бесеудің хатын» спектакльдері режиссердің ұзақ жылғы ізденістері нәтижесінде биік дәрежеге жеткен қайталанбас көркем дүниелер. Биік өнердің шарты – режиссердің театрға жан дүниесімен берілуі. Автордың ой идеясын, сезім қылын, шығарманың бар бояу реңкін, рухын актерлеріне еркін жеткізе алуында болса керек. Режиссердің талабымен актерлер де сахнада кейіпкерлерінің тағдырымен өмір сүре білді.

Режиссер Р.Сейтметтің өзгеге үлгі болатын үлкен ерекшелігі - өзі таңдап алған шығармаларындағы кейіпкерлерінің өмір сүрген уақытын, мінез-құлқын, жеке көзқарасын, мақсат-мүддесін бүге-шүгесіне дейін зерттеп алады. Кейіпкерлерінің болмысын толық танып-білгеннен кейін барып, актерлермен жұмыс істеуге құлшына кірісетін. Міне сондықтан болар, оның қойылымдарына қатысқан артистердің ойындары шынайы шығатындары.

Р.Сейтмет қойған Т.Әбдіктің «Біз үшеу едік» деген, адам жанының тазалығы турасында жазылған бұл шығарма уақытында көп мақталды да. Р.Сейтмет, Т.Пірімжанов, Р.Әшірбекова үшеуінің ғажап актерлік шеберліктерінің арқасында, бұл қойылым әлі күнге дейін ел ауызынд. Бір-бірімен біте қайнасып жатқан бар жоғы үш кейіпкер болғандықтан, бұл үштікті бір-бірінен бөліп талдауға әсте болмайды.

Райымбек, Тынымбек, Розалар рөлге дайындық кезінде өз кейіпкерлерінің сырларын өмірден іздестірді. Күнделікті көріп-біліп жүрген, сырын-үнін ұғынған жандар арқылы рөл сомдады Біз сөз етін отырған талантты актер – Райымбек Сейтмет үшін де, жаңа рөл әуелі қиын, сосын үйреншікті, соңында кереметке айналды. Шеберлігін, үздіксіз іздену арқылы шындай түсу – актер үшін биік мұрат.

Райымбектің бойындағы артықшылық – өзіне ғана тән, ана сүтімен дарыған табиғи дарыны. Қалай десек те, оның әрбір сомдаған бейнесі де, қойған спектаклі де жаңаша, тың серпіліс пен құбылыс десе болады. Ол ойына, қолына алған дүниенің иін қандыра, көрерменнің ешқашан есінен кетпестей етіп, жарқыра алатыны да содан шығар.

Жанр талғамайтын өнер саңлағы 1995 жылы кіндік қаны тамған жері, түркі халқының рухани астанасы Түркістанға театр ашуды мұрат тұтты. Осылайша, 2000 жылы Райымбек Ноғайбайұлының бастамасымен Қазақстан театрларының қатырына ең жас Түркістан музыкалық драма театры қосылды. Осының өзі оның ерен, өнерге деген жанкештілігін, махаббатын танытса керек.

Міне, өзінің өнерге деген адалдығын сақтай білген дарын иесі театрға деген сүйіспеншілігінен айнымады. Арманына жетті. Күні кеше, сол Түркістан музыкалық драма театрына аты беріді. Актерлік, режиссерлік шеберлігін бар болмысымен меңгерген дарынды өнер иесі сапында ел есінде қала бермек.

Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА
«Өнертану» кафедрасының оқытушысы



Шаханов шумақтары



26

Мұхтар Шаханов шығармаларындағы алыстан менмұндалап көзге ұратын ерекшелік – әр ақын өз заманы мен өз дәуірінің перзенті бола отырып, сол қоғамның күйін шертетін болса, ал Шаханов өзі өмір сүрген ортаның балалық шағы мен кемелденген кезінің саясатына бағынбай, өтпелі екенін білгендей болашаққа ой қалдыруында болса керек.

Өйткені ешбір туындысында коммунизм, социализм деген сөз я тіркес кездеспейді. Еріксіз таңданасың ба – таңданасын. Жетпіс жылдық сол бір қызыл қоғамға ұрынбаған екі жазушы мен ақын болса бірі Шаханов екені даусыз. –Өзінің көзі тірісінде артынан осыншама қалың оқырман ерткен қазақ ақындары арасында әлі ешкім жоқ екені әдебиет сүйер қауымға аян

Оқырманды өз иіріміне тартып кететін не сиқыры бар екен осы ақының, әсіресе жастар жағынан түгелдей шығармашылығын жұтып алып жатқа айтатындардың көптігіне қайранмын. Әлбетте қуанамын. Бұл сұрақтың жауабын осыдан аттай отыз үш жыл бұрын әдебиетіміздің арысы Ғ.Мүсірепов «Екі Мұхтар» атты мақаласында дәлелдеп, нүктесін қойған екен. «Ақын шығармаларын автобуста келе жатып оқыма, шай ішіп отырып оқыма, басынды жастыққа сала беріп оқыма! Өйткені оның әрбір жолы қадағалап оқуды талап етеді»-деп, айтып еді. Бұдан артық ақын біткенге берілетін баға бола қоймас

Ақынның кез келген ірілі-ұсақты поэзиясындағы шығармасын оқып болған соң бей-жәй қала алмайсың. Қай өлеңі болса да, бір кітаптың жүгін көтеріп тұрғаны жасырын емес. Кесек шығармаларын қоя тұрып кішігірім өлеңдерін сөз етіп көрелік.

Мәселен «Тоқшылық» атты өлеңі егер қара сөзбен жазылар болса бір үлкен әңгімеге арқау болар еді. Көзі қарақты, көңілі ояу оқырманның санасын сыздататын және күн тәртібінен ешқашан түспейтін жағдай – ол НАН. Тура мағынасындағы көптігі мен аздығында емес, адам санасының наны. Еңбексіз келген тоқшылықтың толқыны ұрып жерге түсірген нанды теуіп өткен керден келінді шаңырағынан алыстауы адамзатқа қауіпті жау – асқынудың алдына тосқауыл. Бәкір қарттың қаталдығы, қаталдығы емес болашаққа келген адалдығы өз ұрпағына ғана емес, бұл оқиғаны көзі көрген, естіген жарғақ құлақты, жұмыр басты пенде атаулыға сабақ болсын дегені.

“Әжей тосып сары майын сақтаған,
Құрбыларым жырларымды жаттаған,
Туған далам атқа сүйеп қондырып,
Әпкем мені жұлдызым деп мақтаған.
Соның бәрі Бәкір қарттың баяғы

Қылығындай әсер еткен жоқ маған”- деп түйін түйеді. Әр оқырман өзінше түйінді әр қалай тарката берсін.

Әркез бұған елікпейтін қайсар тұлға табылар,
Сол тұлғаны «түзеу» үшін уақытшалар жабылар...
Дантес «жеңдім» деп ойлады
Пушкинді атып құлатып,
Бірақ оңбай жеңілгенін дәлелдеді уақыт.

Оразбайлар «жеңдік» деді Абайды ұрып, сұлатып,
Олардың да ұтылғанын әйгіледі уақыт.
Қарсыластар қылышынан өр Махамбет өлді де,
Нәтижеде, қара күштер ұлы ақынды жеңді ме?
Жан шындығы қамалғанмен зұлымдықтың торында,
МӘНГІ ЖЕҢІС калып қойды Махамбеттің қолында!
Шыншыл, асау тағдырым бар пенделікпен тебіскен,
Сақта, Құдай, мені барлық уақытша жеңістен.

Иә, еске алуға қанша ауыр болса да, бұлар болған тарихи оқиғалар. Адам өмір сүрген қоғамда мұндай қарама-қайшылық мәселелер жетіп артылады, алайда “Мәңгі жеңіс және уақытша жеңістер” тіркесі тек Шахановтікі. Мұхтар Шаханов поэзиясын бір биік мұнара деп елестетсек, ақын сол мұнараны пенделік құпияларды араластырмай тек саф өнерге ғана тұтқа боларлық өзекті туындылар. Ол мұнараның өзегі – рухани байлық, достық, адалдық. Өлшемі – биіктік, кеңдік, тереңдік. Сыны мен сыры- намыс, тазалық.
(жалғасы бар)

Зайырбек МҰСАБЕКОВ
«Әйгерім» жатақхана тәрбиешісі



АРУАНА

Ұзап кеткен Аруананың соңынан еріп он бір түйе келе жатыр. Айнала шекарасына жете алмастай көрінетін құм дала. Төбеге шыққанда құмға тік кадалып, одан қайта шағылатын күннің ыстығында алдыларынан соққан самалға мойындарын созып, желдеп келеді. Араларындағы ең кәрісі, жайылымда, көші-қонда алға түсін алып көш бастайтын жалғыз өркешті ұрғашының артынан ерген он бірі матау ережесін сақтағаны болмаса, қайда баратындары жайынан бейхабар. Қажетінде, тескен танаудан тартып айдасаң да бақырып аяқ баспайтын қу шелектердің аналықтың артынан қарсылықсыз еріп келе жатқанын қарасаңызшы. Қанында бар ғой, қанша тырыссақ та жеңе алмаймыз. Тек олардың орнын алмастыратын, қарсылық көрсетпейтін нәрселерді ойлап таптық. Бұлардың ізін шала, манағы самалдың лебіне мінген, сенімсіз, әлсін-әлсін мұрынға келетін түйенің иісін алған үш аш қасқыр тұмсықтарын жерге сала жортып келеді. Бархан құмдардың арақидік салған әндеріне



құлақтары шалып, бастарын жерден жұлып алады. Бұлар қашанғы өздері қаламаса да біздің қиялымызда орман тазалықшысы болып жүре береді? Көктемде бір тойдым, Көбік қарда бір тойдым дейтін тоқтының әңгімесі осылар хақында айтылған-ау. Тоқты өтірік айтады. Қарынның қамы қайда жетелемейді. Бұлар алған иіс айқындала бастады. Жақын жерде. Кінәлі болмаса да, таяқ жеп жылаған бала, тамағына тығылған шерді жұтып жіберейін десе, өтпей қоятынындай, бұлардың да жұтынуы қиын болып келе жатыр. Түйенің бір майлы жері болса, сұлу қыз сипағандай тамақтарынан жұмсақ жүгіріп кетер еді. Ыстықта құмнан көтерілген сағымның құрсағында қарайған өркештілерді көріп, тік құлақтылар қарқын қоса бастады. Алаңсыз маң-маң басып келе жатқан он екі түйенің артынан үшеуі қуып жетті. Дала сахнасында бұлардың қатысуымен болып жатқан қойылым басталды. Көрермені жоқ. Бұлар біреу үшін ойнап жатқан жоқ, әркімнің өз қызығушылығы бар. Әрқайсы өз басының саулығын ойлап жан- жаққа, алып денелері ұзын мойындарын бағындыра алмай қашып жүр. Бағанағы бірліктің, бағыныштылықтың көрінісі өзінің шынайы бейнесін ашты. Біздің үш ойраншы мұнша олжаға кенелгендеріне іштей сенбей, көздері жайнап, кезек-кезек түйелерді қуып береді. Мұндайда таңдау жасау қиын ғой. Қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп етгінні болдырмастың амалын жасап жатыр. Бөрілерге қарағанда әлдеқайда пысықтау қаншық, жанай барып теңселе жорғалап бара жатқан Аруананың тамағына жабысты. Матау ережесін ұмытқан қалған түйелер бөрілердің Аруанамен алданғанын пайдаланып бытырап қаша жөнелді. Бұлардікі қулық емес, сатқындық. Өлі де болса қайраты бар Аруана қаншықты ары-бері шайқап ұшырып жіберді. Бошалап жүрген түйенің алысқа қаша алмауының себебі-буаздығы. Қасқырлар орындарында ентігіп қарап тұр. Біраз жер жүрін барып Аруана теңселе жерге құлады. Мойнынан сорғалаған қан, жерге тамар-тамбастан бұлт көленкесін күткен, шөл қарсақ болған құмның шөлін

кандыра сіңіп, құрғап кетті. Қаншық қайтадан манағы тістеген жерінен жабысып алды. Бір жағынан соққы, бір жағынан іште жатқан төлінің болашағын ойлаған Аруананың боталайтын сәті келіп жетті. Үйірбасы бөрі Аруананың дәл алдына келіп, маңайға алақ-жұлақ көз тастап отыр. Олжасын қорғайды, онымен қоса, аналық хақындағы басымдық. Екінші бөрі артынан жақындап келе бергенде, Аруана басын бірден жерден жұлып алып сол аяғымен тұмсықтан көсіле тепті. Шалқая ұшып құлаған бөрі, қайта тұрып ырылдай жүгіргенде Аруананың алдында отырған Үйірбасы арс ете қалды. Айбаттанған ырылмен, азуын ақсита тік қарап, тырнағымен жерді өзіне қарай сызды. Манағы бөрі кілт тоқтап, қыңсылай түсіп басын салбыратып жерге жата қалды. Қаншық та Аруананың мойнын босатып, арыға барып шоқшиып отыр. Боталап жатқан түйеде мүлдем әл қалмады. Қаншықтың тісі батқанымен бірге, жарыққа дәл қазір шығам деген ботасы бұның бойындағы соңғы күшті алуда. Үшеуі күтуде. Аруана мөлдіреген жанарымен үйірбасына қарап жатыр. Ана ғой. Дүниеден бейхабар, жаңа көзін ашқанымен, ештеңені көрмейтін бота жер бауырлап, басын эрең көтеріп анасының желіп іздеп жатыр. Төлін иіскеуге де қауқары жоқ Аруананың көзінен жас тамды. Өкінішке тұншығып, танаудан шыққан ыстық дем құмды шұқырайтып шаң көтеруде. Ботасын аяғымен сырғытып, желініне ауыз салдырды. Төлі енесінің сүтін еме бастағанда, еміреніп, елжіреген Аруана соңғы күшімен құмды ауаны толтыра жұтып күрсінді де, көзі ашық күйінде қимылсыз, дәрменсіз бейнемен қатып қалды. Мұны көріп отырған үшеуі енді иіскелеп келіп Аруананы маңайлай бастады. Енді оларға кедергі ештеңе жоқ. Манадан бері ауызашарды күткендей болған үшеуі, сәресіден кейінгі аштықтарын басудың қамына кірісті. Бота бұлардың қатарында емес. Табиғатынан да мақсатынан да бұлардан бөлек. Бірақ, ол да Аруананың сүтін ішіп жатыр. Құқығы бар. Түйенің қарнын жарып тастап, қаншық пен үйірбасы қолдарын жалап шеткеріде жатыр. Екінші бөрі болса ашкөзденіп, түйенің ішіне кіріп тұрып, қарны қампайса да жеуін тоқтатар емес. Бұл үйір есебінен тірі қалудың амалын жасап жүр. Қамсыз ұйықтап жатқан қаншықтың мұрнына манағы самалмен жеткен, жұтылып шыққан жылқының кісінегені мен иттің иісі келді. Тегі бір болғанымен тіршілігі басқа итті сезген қаншық жалт бере орнынан тұрып, келген ізін бір айнала иіскеп тауып, сол жаққа қарай кетіп барады. Қаншықтың тыпырын сезіп жатқан Үйірбасы да, өзіне тән мінезімен керіліп, құйрығын қайырып алып Қаншықтың соңынан бір жағына қисая жортып кетті. Қасына итін ерткен, мылтық асынған атты адам, бытыраған түйені жинап болып Аруананы іздеуге шыққан. Аңғал бөрі бұлардың қалай жеткенін байқамай да, сезбей де қалды. Алыстан иіс алып келе жатқан ит жақындай бере иесіне бір қарап қойып бұлғаңдап жатқан құйрықтыға қарай лап қойды. Келе сала сыртынан тап берген ит пен қасқыр біраз алысты. Бұл қақтығыстың кезінде астында қалған бөріні шірене кеп ұрған иттің тырнағы бота еміп жатқан желінін іліп, жарып кетті. Аруананың сүті жерге тамшылап жатыр. Өлі денеден шыққан суық сүт шөлді тез басатынына қарамастан құм да төгілген ақты ішкісі келмейді. Сүт сіңбей, беймәлім бағытта жол салып, ағып барады. Тойып алған бөрі тым болмаса қорқаудай қауқар көрсете алмады. Денесіне иттің тісі әбден батқан қасқыр, қансырап сүйретіле жорғалап барады. Алыстан атылған мылтықтың оғына, жалт бұрылған бөрі, сырт етіп қосөкпеге тиген дыбысты ғана естіп үлгерді. Атты адам итін ертіп кетіп барады. Қанжығада бөктерілген қасқырдың терісі мен алдында өңгерген ботасы бар. Бота енесінің сүтін ішіп, біршама әл жинаған. Ұзын мойнын көтеріп, тағы да желін іздеп адамның аяғынан асыра тіміскілеп жатыр. Бөктерілген теріге жолықты, көзі әлі көрмегендіктен оның дүниені танып-білу тәсілі иіс қана. Басын шұлғи жұлып алып, ытқып-ытқып, тышыршып қалды. Бұлар ұзап кетті. Бірақ алыстан әлі де тыным таппаған ботаның аяқтары адамның сұлбасынан бөлектеніп қозғалып жатыр.

Ерден КАБДРАШИДОВ

**Т.Жургенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы
«Кинотеледраматургия» мамандығы 4 курс**

Чеховқа шекпеннің керегі не?



30

Жарнамасы элеуметтік желіні жарып кете жаздаған соң, оның үстіне «Чехов қой» деп және оны сахналаған танымал театр және кино режиссері (өзіміздің Теменов секілді), Якутияның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ресейдің ұлттық театрларының арасында өтетін «Золотая маска» сыйлығының иегері Сергей Потапов екен деп қаңғалақтаған басымыз Қаллеки театрынан қара көрсетті.

Спектакль қызық басталды. Кейіпкерлер сөйлеп келе жатып (итше) үріп кетеді, үріп отырып (адамша) күле салады. Әңгімелесе берін тауықша қоқылдап, мысықша мияулап, күліп отырып жылай салып, оны ары қарай тағы күлкімен жалғайды, билеп кетеді. Тұтас қойылым бойынша осылай. «Әртіс болсаң енді ойна!». Күл, жыла, секір, сөйле, мияула, үр, қоқылда...

Жә, қоқылдауын қоқылдай бересің ғой, мұның бәрі не үшін? Көрерменге неңі сездірмексің? Чехов өзі сірә не айтқысы келіп отыр? Басынан бастайық.

Білікті сыншылар мен театр мамандарының айтуынша Чехов та Шекспир секілді өз мектебін қалыптастырған драматург. Қандай мектеп? Белгілі драматург Шахимарден Құсайынов әлемдік драматургияны (шартты түрде) мынадай үш мектепке бөліп қарастыруға болады деген пікір айтады:

1. Логикалы әрекетті драматургия (Шекспир мектебі),
2. Логикалы әрекетсіз драматургия (Чехов мектебі),
3. Логикасыз әрекетсіз драматургия (Беккет мектебі).

Логикалы әрекетті дегенді жалпақ тілмен айтсақ, ойлайды, ойлағанын жүзеге асырады немесе соған тәуекел етеді деген сөз. Мысалға, Шекспирдің қазақ театрларында сахналанған «Гамлет», «Ревизор», «Асауға тұсау» сынды пьесаларындағы кейіпкерлер әрекетін еске

түсірсеңіз бәрі де түсінікті бола қалады. Ал, Чеховтың кейіпкерлері ше? Саналы түрде үнемі бір істі істеу керектігін айтады, армандайды, ойлайды, қиялдайды. Бірақ сол істі емес, бейсаналы түрде басқа нәрселерді істеп жүреді. Армандары жолында арпалыспай, ғайыптан ға-жайып күтін отыратын дәрменсіз «Апа-лы-сінділі үшеуді» алыңыз, Мәскеуге кетем дейді. Жоқ, кете алмайды. Сол «Ваня ағай». Үнемі ауылға барғысы кеп жүреді, бармайды. Кетем дейді, кетпейді. Басқа бірдеңелермен айналысып жайына кетеді. Бірақ бәрібір бару керек дейді. Чеховтың мықтылығы сонда – ол саналы адамның бейсаналы әрекеттеріне әбден ерік береді және бейберекет те жібермейді. Қалай? Оның бейсаналы әрекеттерін анау бір «соны істеуім керек» деген саналы ойларына көзге көрінбес жіңішке жіппен мықтап матап тастайды ғой. Міне, шынайы біздің (қобіміздің) өміріміз.



Ал енді «Шие бағында» қалай? Бай әйел Шие ханым (қазақшалаған атымен ала берейікші) жауапсыз махаббат, ойсыз ойын-күлкі, қисапсыз қыдыру, себепсіз сенім арту сынды әрекеттерінен оңбай опық жеп, ақшадан да айырылып Парижден туған үйіне оралады. Маңайында қызметшілері. (Олардың әр қайсысы бір- бір бөлек образдар. Бәріне тоқталар болсақ ұзаққа кетеміз.) Енді қалғаны – шие бағы. Соны сақтап қалу керек. Шие ханым

да, айналасындағылар да бақытты өмір сүргісі келеді. Бірақ, қалай, қайтып? Бас қатырмайды. Тек армандайды. Болды. Тіпті Шие ханымның әкесінің бұрынғы құлының баласы Балташ шие бағын сақтап қалу үшін жалға беру керектігін айтқанда соны тындап, ақыл қосуға ынталы адам табылмайды. Ойланудан ерінеді, қорқады, көңілі дауаламайды. Бірақ, шие бағы қалайда сақталып қалса екен дейді. Шие ханымның айналасындағы адамдардың қатынастары өте қызық. Бір-біріне сенім, айтқан сөздерінде тұру деген атымен жоқ. Бірдеңені айтып отырып жалыға қалса күле салады немесе тамақ ішуге кетеді, жылай салады, үре салады...

Сонымен, шие бағы сатылады. Балташ сатып алады. Мыналар сонда не істейді? Сатыла ма, сатылмай ма? деген уайымның соңына нүкте қойылғанына қуанады. Әрине өкініш, бірақ ол күйді де өзгерте салады. Жеңістерді оңай қабылдап, оңай шегініс жасайды. Жылдар бойғы уайым аяқтаса болғаны секілді, тіпті шие бағы өзінде қалса да, сатылып кетсе де сол уайымға нүкте қойылғанына жеңілдеп қалады. Алайда, әр кейіпкер сахна шетінде тұрған микрофонға келін өз жеке бастарының пікірін, өмірге деген көзқарас, шынайы мақсатарын айтатын бір сәттері бар. Сонда да, сөздерінің аяғына жетпей басқа бірдеңелерді айтып, күліп, үріп «қуып» кете береді.

Қысқасы, уайымын әрекет емес, уақыт кетірсе деп қана бүрісіп отырған және бақытты өмірге соншалық ынтық бейшара адамдар образын қапысыз көрсетеді-ау хас шебер. Айналасындағы адамдарға «қартайып кетіпсіндер» деп ұрса беретін Шие ханым соңында өзі қалтылдап қартайған кемпір күйінде өткен дәурен, балалық кез, бау-бақшасын тағы еске алады, қоштасады. Сол баяғы арман, сол баяғы қиял. Өзгерген, пайдасына шешілген ештеңе жоқ. Айналасы да сол...

Енді қойылымның қазақшаланғаны туралы бірер сөз. Пьеса ғана аударылмапты. Әлгі Теменов секілді режиссеріміз Чехов шығармасының тілін ғана емес, киімдерін, музыка аспаптарын, жер аттарын, тіпті кейіпкерлердің аттарына дейін аударып алыпты. Не күн туды екен? Шекспир шығармаларының тілін ғана қазақшалап сахналағанда да қазақ көрермендері

өз аларымызды алдық емес пе?! Гамлет неге қазақша киінбеген деп айтқан біреуді көрдіңіз бе? Жок. Мынау енді мазакқа жақын. Чехов басқа, режиссер басқа. Бұдан кейін актерлар да басқаша ойнауға тура келетіні заңды ғой. Потапов кия салып, киғаш тартыпты. Актерларға жанымыз ашыды. Жандарын салып-ақ ойнады. Ащы тер шықты. Олардан да, бізден де. Бірақ, еш кейіпкер айыз қандыарлықтай ашылмады. Мүмкін Чеховтың кейіпкерлерінің қолына берілген домбыра кедергі болды ма, әлде «Аппак гүлдер» әні, Кереку мен кестелі киім бе? Әйтеуір шығарма келсе-келмес шандып байланған қалың жіптің арасынан бұлқынып, қол бұлғап қалғандай әлтек-тәлтек әсерде қалдық. Қысқасы, Чеховқа шекпеннің қажеті жоқ еді. Оның кейіпкерлері осы қоғамда онсызда аз емеспіз...

Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ
«Өнертану» кафедрасының оқытушысы





ЕСЛИ БЫ ВЫ ЗНАЛИ, ЧТО ЖДЕТ
ВАС ЗА ВАШЕ ТЕРПЕНИЕ – ВЫ
ПОЛЮБИЛИ БЫ СВОИ ИСПЫТАНИЯ.

Уважать или не уважать
человека – ваш выбор.
Относиться уважительно –
ваше воспитание.



**Помогайте людям,
даже если вы знаете,
что они не могут
помочь вам.**





Астана 2017 жыл